

Қарағанды – кеншілер қаласы.
Ғабиден Мұстафин. «Қарағанды»
романынан үзінді

Оқу мақсаты:

Ғылыми- көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (интервью) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

Бағалау критерийі:

- **мәтін құрылымы мен стильдік ерекшелігін талдайды;**
- **оқылым материалының тілдік ерекшелігін талдайды.**
- **Ойын көркем жеткізеді, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.**

«Оң және сол жақ баған» әдісі бойынша мәтінді тыңдап, кәсіпке қатысты сөздерді теріп жазады.

Оң

Сол

«Қарағанды» романынан берілген үзіндіні оқып, кәсіпке қатысты сөздерді теріп, кестенің екінші бағанын толтырады.

Көп ішінде сыбыр-күбір осылай жүріп жатты. Ермек қалтасынан бір шумақ кілт суырып, Щербаковқа ұсынды:

— Чайковтан естіген едім, күткен едім. Жақсы келдіңіздер, міне, завод кілтін енді өз қолыңызға алыңыз.

Щербаков кілтті алған соң тебінгідей жалпақ алақанына салып біраз ойланып тұрды да, кішірек көкшіл көзін төңірекке жіберді. Кең дала оның көңілін де кеңітіп жіберген тәрізді. Қолын көтере, сол далаға мегзей:

— Жолдастар! — деді жуан дауыспен. Күдістеу кең иықты, алып денелі адамның даусы да зор, салмақты шықты. — Осы далада Апақ Байжанов қой бағып жүріп, суыр інінен Қарағанды көмірін тапқалы жүзге жуық жылдар етіп барады. Содан бері орыс-ағылшын капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз. Коммунист партиясы, совет үкіметі жіберді бізді. Қазақ даласында бесжылдық жоспарды орындауға көмекке келдік. Бұл бесжылдықта мешеу Қарағанды Совет Одағындағы ірі өндірістердің қатарына қосылады. Жұмыс көп, қиындықтар көп, бірақ халық күші одан да көп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз алмайтын қамал жоқ...


Топтық жұмыс

- ▶ 1) Тыңдалым мәтініндегі көтерілген мәселені анықтаңыздар, жазыңыздар.
- ▶ 2) Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасыңызды аргументтермен дәлелдеңіздер.

Бағалау критеріі:

- ▶ Мәтінде көтерілген мәселені анықтайды;
- ▶ Өз көзқарасын аргументтермен дәлелдейді;
- ▶ Ойын көркем жеткізеді, факті мен көзқарасты ажыратады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.

Венн диаграммасы арқылы тыңдалым мен оқылым мәтінін
салыстырыңыздар.



Публицистикалық стиль:

жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады, зор мәні бар мәселелер тақырып болады (саяси, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми, мәдени, моральдық).

Мақсаты - жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, халықтың санасына ықпал ету.

Басты сипаты:

- жинақы, тұжырымды;
- сөздері экспрессивті, екпінді болады;
- тыңдаушыларын коммуникативтік байланысқа тартатындай құралады;
- публицистикалық стиль ауызша және жазбаша түрде қолданылады.

Публицистикалық стильдің сипатына сай мынадай тілдік тұлғалар қатынасады:

1. Экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер;
2. Тақырыпқа сай терминдер, неологизмдер;
3. Тыңдаушылардың көңілін бұратын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер.

Экспрессия - суреттеп, көркемдеп көрсететін, тілге ерекшелікпен эмоционалды бояу беретін сөйлеу сапасы.

Мысалы: **шал, қария, ақсақал**

Мәтін талдау үшін сұрақ үлгісі:

- Мәтін қай стильде жазылған? Неліктен екенін дәлелдеңіз?
- Мәтін қай салаға байланысты ақпараттарды ұсынады?
- Мәтін қандай мақсатта жазылған?
- Мәтін қандай аудиторияға арналған?.
- Мәтінде термин, кәсіби сөздер қолданылған ба? Не мақсатпен қолданылды?
- Мәтінде әдеби көркемдегіш құралдар кездесе ме?

Рефлексия «Менің баспалдағым»

Студенттер сабақтан алған дағдыларының қай сатыда екенін стикерге аты-жөнін жазып, өзім жеттім деген баспалдағының тұсына жапсырады.

